

E. C. МҰҚАШЕВ

## УӘЙІС ПЕН ТӨЛЕУ АҚЫНДАРДЫҢ СӨЗ ҚАҒЫСЫ

Абай калыптастырған әдеби дәстүрден тыс қалдыруға болмайтын ақындардың бірі – Уәйіс Шондыбайұлы. Абайтану саласында соңғы жыларда ішінде ғана толықтай айттылып, жазылып жүрген Уәйісті М.О. Әуезовтің жақсы білгендігін айта келе, ғалым Қ.Мұхамедханұлы: «Мен 1940 жылы Абайдың ақын шәкірттерінің қатарына Уәйіс ақынды да зерттеп жазу керек, ол Абайдың өзі әдейі арнап шақыртып алған ақыны болатын деген еді» [1, 177], – деп еске алады.

Абайтанушы Қ.Мұхамедханұлының құрастыруымен Уәйіс Шондыбаев мұрасы 1988 жылы «Уақыт өрнегі» деген атпен кітап болып басылды. Ал, 1994 жылы «Абайдың ақын шәкірттерінің» топтамасының екінші кітабына енгізілді.

Бірін-бірі толықтырған екі кітапта ақын мұрасының ішіндегі айтыс өлеңдері мен ән өлеңдерін қоспағанда отызға тарта өлең, жыр және бір аударма, төрт дастаны бар. Ал, өлең жырларының уштен екісі – ақынның бір ғана уақытта, өзі баян еткендей, «Жылында мың тоғыз жұз он алтыншы, Августың он ушінде жазған хаты» [2, 36].

Бүгінде осы басылымдарға енбей қалған, кейіннен табылған Уәйістің өлеңдері мен әндері республикалық баспасөздерге шықты. Сонымен қатар Абай атындағы тарихи-мәдени, әдеби-мемориалдық корық мұражайында, ҚР БФМ OFK-да, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында, Жәнібек Кәрменов, Өкітай Ахметов сияқты ақын мұрасын жинаушылардың жеке архивтерінде Уәйіс Шондыбайұлының елі жарық көрмеген мұрасы – бірнеше өлең-жырлары сакталған.

Кезінде, Абай Құнанбаев шығармаларын жинақтап, қайта басуды колға алғанда, М.О. Әуезов Ұлы ақын «мұрасының көп жайлары, үлгілері, әсіресе жас шағының шығармалары көп жоғалып, бізге жеткіз жатқанын ойладап, қолға түскеннің бөрін Абай ақындығына бір сыпатпен сыйымды дерлік болса, окушыға білдіріп қалуға тырысқан» [3, 287], – деп еді.

Біз де абайтанудың негізін салған үлкен ғалымның осы ісін үлгі ғып, әдебиеттің кешегі өткен өкілдерінің қолға түскен бар өлеңдерін сұрыптаимыз деп, әумесер принципке салып, қонды мұраны оядатып алмай, сараптай отырып ертеңгі күнге

жеткізуге міндет еткеніміз жөн. Сол себепті, жоғарыдағы ақынның ауызша айттып, ел жадында сақталып қалған бес экспромт өлеңін У. Шондыбайұлы шығармашылығының бір саласына жататын мұра деп санаймыз.

Ақын жиені Н. Сәменбетов жариялаған (Жұлдыз. 2002 ж.) тағы бір дүние кезінде болыс болып, кенес үкіметінің келуіне байланысты тұғырдан кетіп отырған би Қойгелді туралы Уәйіс пен Төлеу сөзқағысы. Бірі – биді даттаса, бірі – жақтап, араша түседі. Жариялаушы: «Қойгелді – Керей – Бегімбет – Қосай – Сарыбай – Қысбике табынан, болыс болған адам, Төлеу ақынның аталаған ағайыны. Совет өкіметі жаңа орнаған кезде Төлеудің шығарған өлеңіне Уәйістің қайтарған жауабы» [4], – деп түсінік бере келсе, өлеңді Әубекір Сіләм ақсақалдың айтудынан 1992 жылы қыркүйектің жиырма тоғызы күні жазып алғанын айтады.

Төлеудің Қойгелдіге айтқаны:

Байсып, паңсып,  
Өзінен-өзі нәнсіп.  
Мың тенге ақша жастанып,  
Ақшалы кісі бастанып.  
Бұтып, шатып,  
Аузына келгенді тантып.  
Мұны да құдай алмады-ау,  
Көкала бура бастанып.

Осы шумақпен мазмұндас он үш жолдан тұратын өлеңді Әбіш Жиреншиннің «Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары» кітабынан да кездестіреміз.

«Өзінің бірге туған ағасы Тәкежан жаңа байыған мансапқор пан болады, кейін ол Абайдың жаулары жағына шығып, ақынға дақ түсірушілерді ұйымдастырушылардың бірі болады. Тәкежанның сол арам пиғылын сынаған Абай еді:

Байсып, паңсып, көрінгенге бәлсіп,  
Өзі ғана келгендей дүниеге жансып.  
Маң-ман басып, мен-мендігі асып,  
Мал бітті деп, конілі кетеріліп тасып,  
Бай-бай десе мастанып, мың тенгесін жастанып,  
...Қолынан келер түк те жоқ, осының маган болды кек, –

дайді ұлы ақын», – деп жазған Ә. Жиреншин өлеңді қайдан, қалай тапқанын ашып айтпайды, тек «автор материалынан» деп кана сілтеме береді [5, 58].

Екі өлеңнің мәтіндері бірдей болмағанымен, екеуінде бірдей қайталанған тіркестер, үндескен,

біркелкі ұйқастар – ортак тұстарын молайтып, екеуінің әу баста бір ғана өлең болғанын көрсете ді. Бір өлең ауыздан-ауызға тарап, бүгінге әртүрлі болып жеткені көрініп тұр.

Өлеңнің әбден қалыптасқан (конондық) мәтіні болмағандықтан, шығарманың нақ авторын атау да қындық туғызды. Бұл өлең ұлы ақынның 1961 жылғы толық жинағына енгізілген. Ол жайлы «Абай» энциклопедиясында: «Абайдың кейін табылған өлеңі. Ақынмен ұзак жылдар жолдас болған карт Шар ауданының тұрғыны Көсембек Байғұттыңан 1940 жылы жазып алғынған.

...Абай бұл өлеңінде туған ағасы Тәнірбердінің дүйім жүртқа белгілі өсек пен өтірікке жақын, қуыс кеуде, меммен тұлғасын тап басып, жасанды, жәдігөй бейнесін ашық айтады» [6, 140], – дейді.

Сондай-ақ, онда: «кейінгі басылымдарында ешқандай текстологиялық өзгерістер кездеспейді», – деп жазады. Шындығында, бұл «кейін табылған өлең» 1961 жылғы басылымнан басқа жинақтарда кездеспейді. Сол жылғы басылымды баспаға дайындаған Әбіш Жиреншин өзінің жеке архивіндегі осы «Байсып, пансып...» өлеңінен басқа бұрын ақын мұрасында кездеспеген тағы жеті өлеңді қоса Абайдікі деп (Киясбайға. Мұқаммаразға. Бәқизатқа. Еріксіз түскен ылдидан... Ағыбайға. Смағұлға.), абыттануға үлкен «жаналық» әкеледі [7, 43]. Ұлы ақын шығармашылығына асқан ұқыптылықпен, ыждағыштылықпен қараған Мұхтар Әуезов «1940 жылы жазып алғынған» бұл өлеңдерді өзі бас-көз болған Абайдың негізгі басылымдарына (1945, 1957) енгізбеген. Ақын мұрасының құрамында «Сонғы жылдарда табылған өлеңдер» деген айдармен сегіз шығармасы шығып жүргені белгілі. Олардың барлығы 1940 және 1945 жылғы жинақтарға енгізіліп, содан бері басылып жүр. Өйткені ол өлеңдердің Абайдікі екендігіне әбден көз жеткен болатын. Абайдікі саналатын шығармалар жетерлік болғандықтан әр кездегі басылымдар бұл мәселеге сактықпен қарады.

М.Әуезов дүниеден өткен соң, «Абайды зерттеу ісі бірсыныра бәсендеді» [8, 34] десек те, 1977 жылы І.Дүйсенбаевтың басқаруымен Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы бәлендей жаңалық әкелмесе де, тыннан текстологиялық талдау жасалынып, конондық мәтінге нұқсан келмей, көнілдегідей шықты. Редакцияны басқарған ғалым І.Дүйсенбаев: «Мұхтар Әуезов ұлы ақын шығармаларының қазіргі құрамы (составы) таза болуын, күмәнді яки құнсызы косындылар енбеуін талап етіп, сан рет ескертіп жүретінді. Бірде біздің Институтка әдей келіп, Зәки Ахметов екеуімізге осы тілегін қай-

талап, қадағалап айтты, қatal талап қойды», – дей келе, Абай мұрасының қорына қосуға ұсынылып жүрген шығармалардың кейбіреулеріне тоқталған [9, 8]. Ол шығармалардың ішінде Г.Н.Потанин архивінен Ә.Х.Марғұлан тапқан «Жаңа закон», ұлы ақын нұқсасына телініп жүрген «Қозы Көр-пеш – Баян сұлу» жырына тоқталып, бұл дүниелерді Абайға телудің қисынсыз екенін дәлелдеген. Ұсынылған шығармаларға тоқталғанда жоғарыдағы сөз болып отырған «Байсып, пансып...» өлеңі арнайы аталағып сөз болмайды. Тек: «Қайым Мұқамедханов, Әбіш Жиреншин, Әрсен Ибатов, Садық Қасиманов, Мұздыбай Бейсенбаев және басқалар әр жылдарда, дүркін-дүркін «Абайдың жаңа табылған өлеңдері» деген атпен азды-көпті материалдар жариялап келді. Солардың ішінде тек Қайым Мұқамедханов ұсынған бір топ өлеңдер болмаса, басқалары аяқ асты қала берді. Себебі, кездейсок, женилжелі ұсыныла салынған шығармалардың басым көпшілігі, бір жағы, көркемдігі өте нашар болса, сондай-ақ, «анадан жазылып алынды, мынадан естіп едік», – деген жалпылама сөздер ғана арқау етілгендіктен, күдіксіз дерек ретінде пайдалануға жарамай отыр», – деп, шығармаларға жалпы берген бағасынан атальмыш өлеңнің ұлы ақын шығармаларының катарынан орынды алынып тасталғанын көреміз [10, 12-13].

«Абай жайын зерттеушілерге» атты мақаласында Мұхтар Әуезов: «Тегінде Абай шығармасының аздығынан кенде болып жүргеніміз жоқ. Барын барша, бажайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кедеміз. Және Абай өлеңдері халық ортасына жайылғалы көп заман болды. Содан бері Абайға еліктеп жазған аты белгілі де, белгісіз де, жас та, көрі де, ақын да, жазушы да, ерек тे, әйел де көп болған. «Абай жазды өлең қыпты» деп, жазды жырлайтын, «екі жастың кездескенін жырлапты» деп, соны айтатын, көніл сырын айтатын, өмір арманын айтатын, ат пен құсты жыр ететін «өлең шығарғыштар» көп болған. Соның көбі, әсересе, Абай шәкіртерінен, шәкіртерінің айналасынан, молдалардан, талапкер жастардан көп шыққанды. Олар да Абайдың лұғатымен сөйлейді. Абайдың алған тақырыбын алады. Өздері және Абай заманына қанық, Абай өміріне өкшелес жүрген өмірдің адамдары. Бұлардың кейбір жолдары, кейбір ырғактары Абай сезіне ұқсап қалып отыратыны болады. Әсіресе, еліктеу деген нәрсе асыл нұскаға түсі-түті жағынан ұқсай бергіш болады. Міне, осындај жерлерде шын мениң бұлдырыды айыра алмай, өзіміз де алданып, жүртшылықты да жаңсақ хабарландырып, кейінгі зерттеушіні біржолата бетен ізге салып, әуре-сар-

сан етуіміз мүмкін» [11, 255].

Сонымен, «Байсып, пансып...» Абай шығармасы емес, Қойгелді болысқа айтқан Төлеу Көбдіковтің өлеңі. Осы тұжырымға келуге екі салдар сенім бола алады:

Біріншіден, Төлеу ақынның өлеңі дег жеткізген Әубәкір Сәлім ақсақалдың сөзін ҚРҒА-ның Орталық ғылыми кітапханасының корында сакталған «Көбдірлұ Төлеудің шығармаларының жинағы» атты №688 папкада табылған «Байсып, пансып...» – дег басталатын қырық сегіз жолдық шығарма растай түседі [12]. Екіншіден, Төлеудің жерлес, атлас, тұрғылас замандасы Уәйіс ақынның екеуіне де ортақ таныс – Қойгелдіге араша түсіп, ол өлеңге жауап айтуы да бұл шығарманың Төлеу мен Уәйіс сөз қағысы екенін көрсетеді.

Ал, ғалым Әбіш Жиреншиннің атальыш өлеңді «Абай» энциклопедиясы мен 1961 жылғы ұлы ақын жинағының түсініктемесі мәлімдегендей, «Шар ауданының тұрғыны Қосылбек Байғыттыұлынан 1940 жылы жазып алғаны» – өз тұжырымымызды орнықтыра түседі, өйткені Төлеу ақын да өмірінің соңғы жылдарын, анығын айтқанда, қырқыншы жылдарды сол Шар ауданында өткізген. «Байсып, пансыпты» Абайды үлгі еткен Төлеуден естіген Қ.Байғыттыұлы өлеңнің байыбына бармастан «Абайдікі» санаса керек.

Сонымен, Төлеу мен Уәйістің осы сөз қағысы – екі ақынның да мұраларынан нық орын алатын шығарма болып саналады.

## ӘДЕБИЕТ

1. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. Алматы: Дауір, 1994. 2-кітап. 336-б.
2. Шондырайұлы У. Ұақыт өрнегі: Өлеңдер мен дастандар. Алматы: Жазушы, 1988. 104 б.
3. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы: Ғылым, 1967. 391 б.
4. Сәменбетов Н. Уәйіс ақын // Жүлдүз. 2002. №6.
5. Жиреншин Ә. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. Алматы: Қазмембас, 1959. 58-б.
6. Абай. Энциклопедия. Алматы: Атамура, 1995. 720 б.
7. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы: Қаз. мем. кор. әд. Баспасы, 1961.
8. Қирабаев С. Абайтану ғылыминың тарихынан. Кіт.: Казіргі абайтанудың өзекті мәселелері. Алматы: Ғылым, 2002. 274 б.
9. Құнанбаев Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы. Алматы: Ғылым, 1977. 454 б.
10. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Моногр. зерт. мен мақалалар. Алматы: Санат, 1995. 320 б.
11. ҚР БФМ Орталық ғылыми кітапханасы. № 688 п.